

## Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 мамырдағы N 553 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 457 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2015 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Төтенше жағдайларда алдын алу мен іс-қимыл жасаудың мемлекеттік жүйесін одан әрі жетілдіру, министрліктердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ғылыми, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің халықты және аумақтарды авариялардан, апаттар мен зілзала нәубеттерінен қорғау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мәселелері жөніндегі іс-қимылын үйлестіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

**Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.09 N 122 қаулысымен.**

1. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік Комиссия құрылсын.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия мемлекеттік азаматтық қорғау жүйесіндегі консультациялық-кеңесші орган болып табылады және азаматтық қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясат қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында құрылған.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.09 N 122; 04.09.2014 N 970 қаулыларымен.**

2. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік Комиссия туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚРҰ-нің 1998.04.28. N 390 қаулысымен.**

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі облыстық (қалалық, аудандық) комиссияларды құрып, басшылық жасауды олардың өздеріне бекітіп, ал ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді және қабылданған хаттамалық шешімдердің орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Ішкі істер

министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің аумақтық бөлімшелеріне жүктесін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен .**

4. Министрліктердің, өзге де орталық және атқарушы органдар Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөнінде тиісті салалық және объектілік комиссиялар құрып, оларға басшылық етуді өздерінің бірінші орынбасарларына (бас инженерлеріне) жүктейтін болсын.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.09. N 122 қаулысымен .**

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері қосымшаға сәйкес күшін жойды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 3 мамырдағы

N 553 қаулысымен

Бекітілген

**Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі  
ведомствоаралық мемлекеттік комиссия туралы  
ЕРЕЖЕ**

1. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия (бұдан әрі - Комиссия) консультациялық-кеңесші орган болып табылады және азаматтық қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясат қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында құрылған .

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен .**

2. Комиссия өзінің өкілеттіктерін министрліктермен, өзге де орталық және атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынас жасай отырып жүзеге асырады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.09. N 122 қаулысымен .**

3. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) азаматтық қорғауды дамытудың және одан әрі жетілдірудің негізгі бағыттары ;

2) азаматтық қорғау саласында құқықтық, экономикалық, ұйымдық-техникалық және өзге де шаралар жүйесін қалыптастыру;

3) азаматтық қорғау саласында күштер мен құралдарды құру және дамыту;

4) орталық және жергілікті атқарушы органдардың авариялардың, апаттардың, зілзалананың және басқа да нәубеттердің салдарынан зардап шеккен азаматтарды, сондай-ақ төтенше жағдайларды және олардың салдарын жоюға қатысқан адамдарды әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қорғау, медициналық оңалту мәселелері бойынша қызметін үйлестіру бойынша ұсыныстар әзірлеу  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қ а у л ы с ы м е н .**

4 . К о м и с с и я н ы ң :

1) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ғылыми ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің азаматтық қорғау саласындағы іс-қимылдарын үйлестіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың басшылары мен лауазымды адамдарын азаматтық қорғау саласындағы іс-шараларға қатысты мәселелер бойынша тыңдауға;

3) орталық және атқарушы органдардан, ұйымдардан өз жұмысына қажетті олардың қызметі жөнінде ақпарат сұратуға;

4) орталық және жергілікті атқарушы органдардың азаматтық қорғау жөніндегі іс-шараларды орындауына талдау жүргізуге;

5) ұйымдардың мамандарын (олардың басшыларымен келісім бойынша) азаматтық қорғау мәселелері жөнінде талдау, сараптама және басқа да жұмыстарды орындау үшін тартуға;

6) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде адамдардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне ұсыныс енгізуге құқығы бар.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қ а у л ы с ы м е н .**

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі комиссияның төрағасы болып т а б ы л а д ы .

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қ а у л ы с ы м е н .**

6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Комиссияның жұмыс органы комиссия жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде

комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар комиссия отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса комиссия мүшелеріне жіберілуі т и і с .

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.

7. Комиссия өзінің қызметін төраға бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Комиссияның мәжілістері қажет болуына қарай, бірақ тоқсан сайын кемінде бір рет өткізіледі. Комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімін талап ететін мәселелер бойынша Комиссия Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі арқылы белгіленген тәртіппен тиісті ұсыныстар енгізеді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.04.28 N 390 қаулысымен, 2000.05.05 N 671 қаулысымен, 2005.02.09 N 122 қаулысымен; 04.09.2014 N 970 қаулыларымен.

8. Комиссияның құзыретіне сәйкес қабылданған шешімдерінің нұсқаулық с и п а т ы б о л а д ы .

9. Комиссия Қазақстан Республикасының Үкіметін Комиссия қарайтын және шешетін неғұрлым маңызды мәселелер жөнінде үнемі хабардар етіп отырады.

10. Комиссия отырысы өткізілгеннен кейін комиссия хатшысы хаттама р е с і м д е й д і .

Ескерту. Ереже 10-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қ а у л ы с ы м е н .

11. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру комиссия отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа ( бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру жолымен өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген ш е ш і м қ а б ы л д а н д ы д е п е с е п т е л е д і .

Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген комиссияның есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Комиссия отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтарының негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға м е н х а т ш ы қ о л қ о я д ы .

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, комиссия хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын комиссия мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Комиссия мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

**Ескерту. Ереже 11-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

12. Дауыс беру парақтарымен қоса, комиссия материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды комиссияның жұмыс органы жүзеге асырады.

**Ескерту. Ереже 12-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 3 мамырдағы  
N 553 қаулысымен  
Бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күшін жойған шешімдерінің ТІЗБЕСІ**

1. "Қазақ ССР-інің Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының дербес құрамы туралы" Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 11 қыркүйектегі N 525 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының дербес құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 28 мамырдағы N 476 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының дербес құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 мамырдағы N 345 қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының дербес құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 қаңтардағы N 82 қаулысы.

5. "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының дербес құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 сәуірдегі N 463 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 20, 210-бап).

6. "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік

комиссиясының дербес құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қазандағы N 1119 қаулысы.

7. "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының дербес құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 7 желтоқсандағы N 1379 қаулысы.

8. "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының дербес құрамына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 23 желтоқсандағы N 1453 қаулысы .

9. "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының дербес құрамына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 наурыздағы N 223 қаулысы .

10. "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының дербес құрамына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 718 қаулысы.